Кафедра түлектері мен студенттері төменде көрсетілген байқауларда қазақ опера өнерінің жоғары деңгейде екенін танытып келеді. «Янтарный соловей», «Bella voce», «Большая Опера», Б.Төлегенова, Ш.Қалдаяқов, Н.Сабитов, М.Глинка, М.Хелин, П.Лисициан, С.Монюшко, М.Биешу, П.И.Чайковский, «Шабыт» шығармашыл жастардың Халықаралық байқауы және т.б вокалисттер байқауында кафедра бітіруші түлектерімен студенттері жүлделі орындар және дипломанттар болып жоғары деңгейдегі бағаға ие болып жүр. Олар ішінде: Е.Чайников, Б.Жанұзақ, А.Ниязова, Н.Мизюк, А.Жылтыркөзов, С.Ахметова, Б.Андержанов, А.Таушев, С.Тасбергенова, Д.Таушева, А.Избамбетов, Г.Жазитова, Р.Баликишиев, Е.Саипов, А.Малик, Ш.Тыныштық, Ш.Расылхан, Н.Сағынтай, А.Аманжолова, А.Әбілда, У.Әубәкірова, С.Бақытжан, Л.Аламанова, Н.Зкруллаев, Ә.Зейнолла, Г.Алдадосова, А.Алтынбек, Ф.Рахметова, Т.Аллабиринов, Д.Мусаева, Н.Тапиев, М.Абди, Н.Абілхайырова, Б.Қуаныш және т.б.



*Фотода: Ева Мартон атындағы IV Халықаралық вокалистер байқауы. Мәлік Азат -2 орын, (Венгрия, Будапешт қаласы, 2020 жыл)*

# «Вокалдық өнер» кафедрасы




*С.Монюшко атындағы І Республикалық вокалдық конкурсы. 2022 жыл*

Кафедрамыздың бітіруші түлектері мен студенттері қазіргі таңда әлемдік сахналарда өнер көрсетіп, қазақ опера өнерін танытып келеді. Есімдері белгілі түлектеріміз ҚР «Астана-Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Е.Рахмадиев атындағы академиялық мемлекеттік филармониясы, ҚазҰӨУ-дің колледжі, БММ оқытушылары, облыстық өнер орындарында жеке орындаушылар болып жұмыстарын атқаруда.

Біздің түлектеріміз концерттер мен опералар орындауда әлем сахналарын баурап, танымал әлем сахналары мен опера театрларында өнерлерін паш етуде.



*Фотода:ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сүндет Байғожин және «Құрмет» орденінің иегері Айзада Капонова.*



*Фотода: Корея опера әншісі, «Грэмми» сыйлығының иегері – Sumi Jo және ҚР еңбек сіңірген қайраткері-Азамат Жылтыркөзов*

«Вокалдық өнер» кафедрасы осы күнге дейін талай танымал опера әншілерін тәрбиелеп, ұядан ұшырған. Алдағы уақытта жас буынның дамуына жұмыс жасап, талантты шәкірттерін дайындауларын жалғастырады.

Кафедраның оқытушылары білім беру саласының барлық бағыттары бойынша жұмыс істейді: оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық, ұйымдастыру-тәрбиелеу жұмыстарына белсенді қатысып, Халықаралық, республикалық, университеттік ғылыми-практикалық конференциялар, жаңашылдар, ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу құралдары, хрестоматиялық жинақтар, ғылыми жарияланымдар, жаңа элективті курстарды ұйымдастырып, Инновациялық оқыту әдістерін енгізеді, мастер-кластар жүргізеді, республикамыздың оқу орындарына дәрістер, семинарлар, ашық сабақтарды біліктілігін жоғарту курстарын өткізуді жалғастыруда.



*Фотода: ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері – Талғат Мұсабаев және Бибігүл Жанұзақ.*

**Избамбетов А.Қ.,**
Қазақ ұлттық өнер университеті
«Вокалдық өнер» кафедрасының аға оқытушысы,
өнертану ғылымдарының магистрі

## *«Эстрада өнері» кафедрасы*

# ЗАМАНМЕН ҮНДЕС

«Эстрада өнері» кафедрасы 2003 жылы құрылған. Алғашқы үш жыл көлемінде «Актерлық өнер және режиссура» факультетінде секция ретінде жұмыс істеді.
Алғашқы кезеңде кафедра меңгерушісі қызметін профессор, Халықаралық джаз ассоциациясы конкурстардың лауреаты, Халықаралық құрметті мүшесі (АҚШ) Гүлдана Базылханқызы Жолымбетова атқарды. Кейін,



*Фотода: профессор Г.Б.Жолымбетова.*

2011-2017 жылдар аралығында, кафедра меңгерушісі лауазымында «Мәдениет қайраткері», профессор Майра Тұрлыбекқызы Дәулетбақ қызмет атқарды.

Кафедраның құрылған алғашқы күнінен бастап оқытушылар: Е.Г.Коробейникова (эстрадалық вокал сыныбы), профессор В.А.Шевченко (музыкалық-теориялық пәндер), А.Р.Аблаев (оркестр сыныбы) сынды кәсіби шеберлер ұстаздық етті.
Ал 2017-2018 оқу жылында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Жеңіс Ермағанбетқызы Ысқақова, 2018-2022 оқу жылдары Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, профессор Бағдат Сәмидинқызы



*Фотода: Ж.Е.Ысқақова.*

Самидинова кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.



*Фотода: профессор М.Т.Дәулетбақ.*



*Фотода: Б.С.Сәмидинова.*

## *«Эстрада өнері» кафедрасы*

Қазіргі таңда кафедра меңгерушісі лауазымында ҚР Мәдениет қайраткері, доцент Ольга Ивановна Джулдиева еңбек етуде. «Эстрада өнері» кафедрасының студенттері мен ПОҚ құрамы: «Легенды джаза», «Корифеи джаза», «Звезды джаза», «Женщины в джазе», «Ретро-джаз», «Песни о любви», «Итальяский вояж», «Чикаго» мюзиклынан үзінділер сынды көптеген эстрадалық және джаз концерттерін және т.б. өткізіп тұрады.



*Фотода: О.И.Джулдиева.*

Қазіргі таңда кафедра «В021 Орындаушылық өнер – Эстрада өнері» мамандығы аясында «Эстрада вокалисі», «Эстрада оркестрінің артисі» және «Эстрада композиторы, әрлендіруші» сынды 3 мамандық бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Александр Рефатович Аблаев кафедрада құрылған биг–бендтің алғашқы жетекшісі қызметін атқарды. Студенттік биг-бэнд – «Астана – Блюз I», «Астана – Блюз II», халықаралық «Актобе-Джаз» байқауы (I орын), «Джаз-Богема» және т.б. сынды беделді Халықаралық джаз фестивальдерінің лауреаты және алтын медальдарының иегері. Студенттік бағдарламаға классикалық джаз шығармалары, заманауи джаз комбинациялары, қазақ музыка фольклорына негізделген шығармалар кіреді.

Өзінің шығармаларының ноталарын жіберген америкалық композитор Джим Мартин студенттік биг-бендпен ынтымақтастықта болды. Джим Мартинның барлық джаз шығармалары концерттер мен джаз фестивальдарда сәтті орындалды. Студенттік биг-бенд шетелдік джаз музыканттарымен бірнеше рет сәтті өнер көрсетті, ал олар өз кезегінде оркестрдің шеберлігін жоғары бағалады (Рори Стюарт және Ари Хоунинг – АҚШ, Игорь Бутман және Александр Осейчук – Ресей). 2010 жылдың сәуірінде биг-бенд АҚШ-тың Вашингтон, Нью-Йорк және Лос-Анджелес қалаларында өткен Қазақстан мәдениеті фестивалінде тамаша өнер көрсетті.

Кафедрада, негізінен, заманауи джаз музыкасын орындайтын бірнеше аспаптық ансамбль ұйымдастырылған. Ансамбльдердің түрлі құрамдары Батырхан Шүкенов атындағы II республикалық үрлемелі аспаптар байқауы, «Jazz-Bomond 2021» халықаралық фестивалі, «5В040800 Эстрада өнері – эстрада оркестрінің артисі» мамандығы бойынша XIV республикалық пәндік олимпиад, т.б. беделді байқаулардың лауреаттары атанды.

Кафедра түлектерінің арасында халықаралық және республикалық байқаулардың, сондай-ақ джаз фестивальдері мен «X-FACTOR», «Қазақстан дауысы»,



*Фотода: әлемдік жұлдызға айналған біздің түлек – Димаш Құдайбергенов.*

«Голос-Россия», «Топжарған», «Жас қанат», т.т. тележобалардың лауреаттары мен дипломанттары бар.

Әсіресе, вокалисттер: Дінмұхаммед (Димаш) Қанатұлы Құдайберген – қазақ халқының әншілік өнерін заманауи кезеңде әлемге паш еткен әнші, композитор, мульти аспапта орындаушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері. Витебскідегі «Славян базары-2015» XXIV халықаралық өнер фестивалінің Гран-При иегері, «Халық қалаулысы» Ұлттық сыйлығының лауреаты, «Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға қосқан лайықты үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің



*Фотода: өнерімен танылған ағайынды Жүгінісовтер.*

Құрмет грамотасымен марапатталды, «ABU TV song» ұйымдастырған халықаралық фестивалінің қатысушысы. Қытай Халық Республикасының Чанша қаласында өткен «Singer 2017» (Hunan TV) телевизиялық байқауында 2 орын, АҚШ-тың Калифорния штаты, Голливудта өткен CBS «The World's Best» таланттар байқауының жартылай финалисі. Жүгінісов Рүстем – Сочи қаласында өткен «Новая Волна–2017» жас әншілер байқауының «Көрермен көзайымы сыйлығының» иегері. Гүлсім Мырзабекова – «Формат» тобының солисі, «QAZAQSTAN» ОКЗ солисі. Айтбаева Лаура – «Қазақстан дауысы» жеңімпазы. Хайролда Мұратбек – халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, Нұрбол Балапанов, Диана Май, Күлайым Қайырбаева, Нұрсұлтан Қарабалиев, Орынбасар Абуов – қазіргі уақытта АҚШ-та өзінің музыкалық шығармашылығын жалғастыруда, Ахмет Сұлтан, Манарбек Жұматай (Mona Songs), Бахтияр Ақылбек, Александра Самарина және т.б. – бүгінде Астана қаласының мемлекеттік филармониясы, Президенттік оркестр, ҚР Қорғаныс министрлігінің оркестрі, «QAZAQSTAN» ОКЗ және т.б. көптеген басқа бағыттарда жемісті еңбек етіп келеді. Сондай-ақ біздің түлектер ҚазҰӨУ колледжі мен мектебінде эстрадалық вокал мамандық мұғалімі қызметінде жұмыс жасауда.


*Фотода: Рухия Байдукенова*

Қазіргі таңда Витебскідегі «Славян базары-2021» халықаралық өнер фестивалінде Гран-При иегері Рухия Байдукенова, Дидар Әбдухалық, Мирас Жүгінісов, Дильнура Биржанова, Луиза Нұрқуатова – «Витебскідегі балалар Славян базары-2015» халықаралық өнер фестивалінде Гран-При иегері, Анель Смаилова – «Назар» тобының солисі, Данияр Жолбарысов – телевизиялық шоу «Х-Фактор» 5 маусымының финалисі және т.б. кафедра түлектері мен студенттерін молынан кездестіруге болады.

А спапта орындаушылар: Арман Алпысбаев – халықаралық және республикалық джаз байқауларында солист және ансамбль мүшесі ретінде лауреат.

Қазіргі таңда ҚазҰӨУ түлегі, Гнесиндер атындағы РМА магистрі Ч.Б.Жандилдин (саксофон және ансамбль сыныбы), аға оқытушы Ю.Ю.Шевченко (ұрмалы және соқпалы аспаптар және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі), аға оқытушы А.Ю.Асакаев (электрогитара сыныбы), оқытушы Т.А.Абдураимов (тромбон сыныбы және тектес аспап), А.А.Джулдиев (оркестр, ансамбль және вокалисттермен биг-бенд), ҚР

## *«Эстрада өнері» кафедрасы*

Мәдениет қайраткері, доцент О.И.Джулдиева (джаз фортепианосы, тектес аспап), «Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі», профессор Б.С.Сәмидинова (магистратура және бакалавриат бойынша эстрадалық вокал сыныбы және әдістеме), «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», профессор С.Жұмағалиев (эстрадалық вокал сыныбы), аға оқытушы И.Н.Воловикова (эстрадалық вокал сыныбы, джаздық стандарттар және дауыс гигиенасы), өнер магистрі, аға оқытушы Қ.Т.Рысқұлов (эстрадалық вокал сыныбы, әдістеме, практика), оқытушы А.М.Мұхамедиярова (эстрадалық вокал сыныбы), А.Бахтиярқызы (эстрадалық вокал сыныбы), М.Айтімбай (эстрадалық вокал сыныбы), аға оқытушы, Украинаның эстрадалық өнер әртісі А.Н.Мирошниченко (вокалдық-аспаптық ансамбль, ансамбль, аспаптану), оқытушы А.В.Поваляшко (бас-гитара сыныбы), оқытушы А.А.Ақылбекова (эстрадалық вокал сыныбы, практика және ансамбль) сынды кәсіби мамандар жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда кафедра университетте және одан да тыс көптеген концерттік, эстрадалық вокал, эстрадалық аспапта орындаушылық номинациялары бойынша байқау іс-шараларын өткізуге атсалысуда.



*Фотода: Дастан Дүйсенбаев, Байғали Серкебаев, Арман Алпысбаев.*




*Фотода: джаз-трио (Арман Алпысбаев, Артур Поваляшко, Дастан Дүйсенбаев)*

***Шевченко Ю.Ю.***,
*кафедраның аға оқытушысы,*

***Рысқұлов Қ.Т.***,
*кафедраның аға оқытушысы*

# ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ
## (Алмагүл Амантайқызы Сметова туралы толғаныс)



Ұстаз тек сабақ берумен шектелмейді. Біз студенттік өмірімізде ғылыми жұмыстармен де айналысып, жақсы адамдармен араласамыз. Міне, ғылыми конференцияларға дайындық кезінен мен Алмагүл Амантайқызы Сметова туралы осындай ой түйдім.

Алмагүл Амантайқызы – жастарға айтары мол ұстаз. Ол 1966 жылы 6 сәуірде Павлодар қаласында дүниеге келген. Әкесі өте талантты және музыкаға жақын адам болды. Ол мандалин, фортепиано және домбыра аспаптарында ойнаған, кез келген әуенді әр аспапқа үйлестіре білді. Жас кезінен музыкаға құштар Алмагүл Амантайқызы әкесі фортепианода ойнаған кезде аспапта ойнауды да армандады.



*Фотода: Т.В.Гольман (ортада), оның қасында А.А.Сметова.*

Періште көңілдің тілегі орындалып, 3 жасқа толған кезде оған нағашы атасы "Беларусь" фортепиано-сын сыйлады. Нағашы жақтағы туыстары да музыкаға құштар адамдар еді.

Әжесінің ағасы атақты Жарылғапберді Жұмабаев екен. Ол 1851 жылы Баянауылда дүниеге келген, ол музыкалық дарынды адам және тамаша әнші болған. Ол – "Шама", "Ардақ", "Топайкөк", "Үш дос" және басқа да әндердің авторы. Оның әндерін шәкірттері, олардың арасында Қали Байжанов және басқалар орындаған. Ол кісінің әндерін барлық халық қатты жақсы көргені соншалық, Романовтар әулетінің 300 жылдығын атап өткен кезде Жарылғапберді Жұмабаев делегациямен бірге әнші ретінде шығып, сарайда ән шырқады. Жиналған қауымның барлығы оның керемет дауысына таңғалып, оны Федор Шаляпинмен салыстырды. Ахмет Жұбанов жазғандай: кешке барлық ауылдың адамдары жиналып, Жарылғапберді Жұмабаев ән айтқан кезде оның дауысы бір ауылдан екінші ауылға дейін естілетін.

1976 жылы облыстық «Звезда Прииртышья» газетінде П.И.Чайковский атындағы музыкалық училищедегі дарынды балаларға арналған мектепке алғашқы қабылдау болатыны

туралы хабарландыру болды. 10 жастан асқан балаларды хор сыныбина таңдады. Алмагүл Амантайқызы өзі жалғыз барып, 10 жасында оқуға түсуге өтініш жазып, талап бойынша емтиханға дайындала бастады. Әнді үйреніп, жаттау керек болды, сонымен қатар есту қабілеті мен ырғақты сезу сынағынан өтті. 10 жастағы баланың таңдауы сол кездегі әйгілі Аида Ведищеваның "Лесной олень" әніне түсті, ән оңай емес. Мектепке қабылдануға қаланың түкпір-түкпірінен 300 бала келді, бірақ солардың ішінен 10 бала ғана қабылданды, барлық балалар ата-аналарымен бірге болды, Алмагүл Амантайқызы ғана жалғыз болды, өйткені Шаляпинаны, фортепиано мұғалімі Гольман Татьяна Владимировнаны әрдайым ілтипатпен есіне алады.

Музыкалық мектепті бітіргеннен кейін Алмагүл Амантайқызы өнердегі білімін жалғастыру мақсатында училищеге хор дирижері бөліміне түсті. Бұл кездегі керемет педагогтар – Валентина Павловна Макаренко мен Анатолий Петрович Кондрашовты ерекше еске алады.

Училищені тамамдайтын кезде мемлекеттік емтихандардың төрайымы болып Алматы қаласы консерваториясынан Лэйла Әділханқызы Айдарбекова келген, ол Алмагүл



*Фотода: 1 курс, 1985 жыл*

анасы сол уақытта жұмыста болды. Емтихан нәтижесін естуге анасымен келді, көптің арасында жалғыз қазақ – Алмагүл Амантайқызының есімі аталды. Алмагүл Амантайқызы балалар хорын және мектеп меңгерушісі Галина Васильевна Амантайқызының консерваторияда білімін жалғастыруға кеңес берді. Сол кезде мұғалімдер мен Валентина Павловна жас өнерпаздың Мәскеу консерваториясына барғанын қалады, бірақ анасы оны алысқа жібергісі

келмеді. Бірақ қызының Алматыда оқуын жалғастыруына рұқсатын берді.
Фортепиано мамандығына ауысу туралы ұсыныс болса да, А.Амантайқызы өзі таңдаған хорды дирижерлеу саласына берік болғысы келді. Арманы орындалып, Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түсті.
Консерваториядағы оқу жылдары, әрине, ерекше. Алматы ол кезде астана, концерттер жиі ұйымдастырылады. Бірде Мәскеу виртуозы Владимир Теодорович Спиваковтың концерті болатыны хабарланды. Ол кезде, өкінішке қарай, билеттер жетіспеді. Алмагүл Амантайқызы «Бір сәті табылар» деген үмітпен артқы есік арқылы кіріп, қызмет кабинетіне баруды ойлады. Сәтін тапқан екен, Владимир Теодорович Спиваковтың өзі далада тұр және ол студенттерді көріп, консерватория студенттерінің бәрін концертке тегін кіргізді. Есте қалатын ерекше сәттің бірі – осылай жүзеге асты.
Алмагүл Амантайқызы Жәкен Әділбекұлы Байысбаевтың сыныбында тәлім алды, ол адамгершілігі мол және мұқият адам болды, әрдайым тыңдап, даулы мәселелер туындаған кезде әділ шешуге көмектесетін.

Білім іздеген сәтті жылдар өнерді де шыңдады. Алмагүл Амантайқызы 1991жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияны «Хор дирижирлеу» мамандығы бойынша тамамдады.
Дипломмен Орал қаласындағы Дәулеткерей атындағы Мәдениет институтында «Хорды дирижерлеу» кафедрасында сабақ берді. 1996 жылы отбасымен Павлодар қаласына көшіп, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Өнер саласындағы орындаушылық» кафедрасында еңбек етті, кейін, 1998 жылы факультет деканының орынбасары лауазымында қызмет атқарды.
2004 жылдың қазан айында «Павлодар облысындағы музыкалық ағарту ісінің дамуы (1938-1985)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталды (2003, 2005, 2016, 2017 жж.).
2010 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша




университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Алтын медальмен» марапатталды.
Осыдан кейін Астанадағы педагогтік еңбек жолы басталды. 2008-2010 жылдары Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкалық білім кафедрасын басқарды.
2009 ж. республикалық байқаулар мен олимпиадаларға 3 лауреатты дайындады.
2014 жылдан бастап вокалдық өнер және

хор дирижерлеу кафедрасының доценті, кейін 2017 жылдың қыркүйегінде Қазақ ұлттық өнер университетінің музыка факультетінің деканы, ал желтоқсан айында университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, 2018 жылдың мамыр айынан бастап 2020 жылға дейін оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 2020 жылдың желтоқсан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Вокалдық-хор, эстрадалық өнер және музыкалық білім» факультетінің деканы лауазымында еңбек етуде.

2019 жылдың желтоқсан айында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздік педагогы» медалімен марапатталды.

Алмагүл Амантайқызы – 60-тан астам ғылыми мақаланың авторы, 3 оқу құралы және «Павлодар облысының музыкалық ағартуы мен тәрбиесі (1920-1980 жж.)» атты жеке монографиясы жарық көрді (2016).

А.А.Сметованың басшылығымен кафедраның және факультеттің атынан ғылыми конференциялардың ұйымдастырылуы және олар бойынша жинақтардың жарық көруіне тікелей басшылық жасайтын да, нәтижеге дейін еңбек ететін де – Алмагүл Амантайқызы.

Бірнеше кітапқа, атап айтқанда, «Музыкалық білім беру саласының: тарихы, теория, практика, инновациисы» атты ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағына (2019), «Қазақстандағы хор өнері» атты ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағының екі жылғы шығарылымына да (2021, 2022) редакторлық еңбек сіңірді.

Қазақ ұлттық университетінің «Еуразиялық ғылым және өнер Хабаршысы» атты ғылыми журналдың ұйымдастырушыларының бірі болды.

Алмагүл Амантайқызы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялап, халықаралық ғылыми конференцияларға да қатысады. Солардың ішінде, мәселен, Ресейдің Барнауыл және Чебоксары қалаларындағы халықаралық ғылыми конференцияларының пленарлық отырыстарында сөз сөйледі.

Мен Алмагүл Амантайқызымен ең алғашында 2022 жылдың 22 сәуір айында өткен «Республикалық студенттік ғылыми практикалық конференцияға» дайындық барысында кездестім. Сол кезден бастап маған кәсіби дұрыс бағыт беріп, әрдайым қолдау білдіріп отырды. Ғылыми конференцияларға дайындық барысында тығыз араластым. Осы жүздесулерде ғалым әрі ұстаздың үлкен еңбегін, парасаттылығын көрдім.

Алмагүл Амантайқызы – мықты ұстаз, өте әділ адам. Ғылыми конференцияға біздің кафедрадан менен басқа тағы бірнеше студент қатысты. Алмагүл Амантайқызы олардың әрқайсысымен жеке отырып, ой-пікірлерін тыңдап, тақырып таңдауға және зерттеу жұмысын дұрыс жүргізуге бағыт беріп, ойды жинақты түрде жазуға көмектесті. Мен білетін ұстаз, ғалым Алмагүл Амантайқызы – жүрегі кең адам. Себебі әр студентінің бұл өмірде өз орынын табуын қалап, оған көмектеседі. Алмагүл Амантайқызының еңбектері, жақсы қасиеттері біз үшін үлгі және болашақ ұрпаққа құнды болып табылады. Сондықтан мен Алмагүл Амантайқызына шынайы көңіліммен рақметімді айтқым келеді.

***Әлдекенова Ә.,***
*«Хорда дирижерлік ету» мамандығының 2 курс студенті.*

# ПРИМЕНЕНИЕ «ПЕСОЧНОГО» ПОДХОДА В МУЗЫКАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Введение. На сегодняшний день ведущей целью казахстанской дошкольной системы, отвечающей современным требованиям, является развитие личности дошкольника, который самореализовывается, будучи мобильными,зачастую,гиперподвижным с ранних лет.

В последние годы в системе воспитания и обучения стала прослеживаться тенденция к интеллектуальному развитию ребёнка. Умственное развитие ребёнка тесным образом связано с особенностями мира его чувств и переживаний. Маленькие дети часто находятся в “плену чувств”, поскольку ещё не могут управлять своими чувствами, что приводит к импульсивности поведения, осложнениям в общении со сверстниками и взрослыми.

Соответственно, главная музыкально-воспитательная цель в процессе дошкольного обучения связана не только с передачей высочайших культурных образцов и способов контакта дошкольников с миром музыкального искусства, но и в поиске адекватных методов воспитания и обучения, позволяющих учитывать современные особенности их поведения и желания творчески показать себя.

При обучении дошкольников одним из наиболее популярных подходов на музыкальных занятиях в дошкольных учреждениях становится применение «песочного» подхода. Благодаря этому относительно новому методу, у ребенка развивается способность к самовыражению и музыкально-творческому восприятию мира. В сочетании с пальчиковой гимнастикой, драматизацией и мимическими этюдами, музыкальное занятие позволяет гармонизировать эмоциональное состояние ребенка, развивать все музыкально-познавательные процессы и сенсомоторные навыки. В условиях детского сада и школы не только психолог может использовать песочницу, но и музыкальные руководители для проведения музыкально-развивающих игр на песке.

Основная часть. Развитие культуры самовыражения школьников, начиная с рождения человека, в любых возрастных жизненных периодах будет отображать свои особенности. Поэтому на сегодня, в

процессе организации музыкально-учебной деятельности дошкольников важны новые подходы, среди которых выделяется «песочный» подход, который помогает каждому ребёнку ориентироваться в мире культурных ценностей, творчески проявлять себя. При этом актуализируется ориентация на развитие заложенных в дошкольниках музыкально-творческих возможностей, реализация которых будет осуществляться в ходе музыкально-«песочной» работы, превращаемой для детей в личностно-значимую деятельность.

Дошкольное детство - яркая, неповторимая страница в жизни каждого человека. Это время первоначального развития личности, формирования основ самосознания и индивидуальности ребенка. Именно в этот период начинается процесс социализации, устанавливается связь ребенка с ведущими сферами бытия: миром людей, природы, предметным миром и миром музыкального искусства. Происходит приобщение дошкольников к музыкальной культуре, к общечеловеческим ценностям.

Ученые, педагоги и психологи рассматривают процесс самовыражения в творчестве как самоценность ребёнка и его личностное качество, как деятельность естественную и необходимую для развития способностей каждого дошкольника (Н.А. Ветлугина, Л.С. Выготский, Б.М. Теплов и др.) [1,С.2-5].

Наиболее эффективное и действенное средство воспитания и развития детей – это музыка. Один из ярких эмоциональных видов искусства. Она обладает большой силой эмоционального воздействия, воспитывает чувства дошкольников, формирует их музыкально-эстетические вкусы и предпочтения.

Задачи музыкального образования дошкольников реализуются посредством практической деятельности. Формирование и развитие детских музыкальных способностей осуществляется посредством основных видов музыкальной деятельности – восприятия (прослушивания музыки), воспроизведения (исполнения музыки) и творчества. Восприятие музыки (слушание) – это процесс, который включает в себя глубокие внутренние переживания. Слушание музыки – один из основных видов музыкальной деятельности в детском саду. В первую очередь оно выражается в умении чувствовать и эмоционально переживать музыку [1, с.8].

В детском саду дошкольники знакомятся с доступными образцами искусства современной, классической и казахской народной музыки.

Широко распространены музыкальные игры с программным содержанием. Они используют элементы образов в музыке, которые дают детям определенные представления о звуках. Программа по слушанию музыки строиться по определенной, четкой системе. Она состоит из произведений, в которых последовательно усложняются и изменяются музыкальные образы. Например, это может быть образ природных явлений и времена года[1, с.46].

Всем известно, что дети эгоцентричны, поэтому очень важно научить

дошкольника смотреть на ситуацию с позиции своего собеседника. Обучая ребёнка “взгляду со стороны”, мы тем самым помогаем ему по – другому взглянуть на себя, по – иному оценить собственные мысли, чувства и поведение. На музыкальных занятиях дошкольник получает возможность более полно и адекватно выразить себя через общение с музыкой [1, с.48].

Для дошкольника игра в песок – один из самых естественных способов приобщения к миру музыкального искусства, преодоления эмоционального напряжения, умения выражать свои эмоции и справляться с ними.

Применение «песочного» подхода – одна из разновидностей арт-терапии, которая строится на психологической теории К.Юнга о том, что каждый предмет внешнего мира вызывает какой-либо символ в глубине бессознательного [6, с.57]. Как считает психолог, картина на песке может быть понятна как трехмерное изображение какого-либо аспекта душевного состояния. Неосознанная проблема разыгрывается в песочнице, конфликт переносится из внутреннего мира во внешний и делается зримым [6, с.58].

Благодаря этому относительно новому подходу, у дошкольника развивается способность к самовыражению и творческому восприятию музыкального мира. Однако вместо лопатки и ведерка, как в песочнице, предлагается набор фигурок, а также бусины, кубики, миниатюрные автомобили, игрушки, кусочки дерева, монетки, камешки и т.д. В распоряжение дошкольника предоставляется все, что нужно для создания своей собственной модели внутреннего мира в миниатюре.

«Песочный» подход – прекрасный посредник для установления контакта с ребенком. Особенно, когда дошкольник плохо говорит и не может рассказать взрослому о своих переживаниях, то в таких играх с песком это становится возможным. Проигрывая волнующую ситуацию с помощью маленьких фигурок, создавая картину из песка, ребенок раскрывается, и взрослые получают возможность увидеть внутренний мир ребенка в момент приобщения к миру музыки, в том числе [3, с.4 ].

Но это далеко не единственный плюс «песочного» подхода: он замечательно развивает мелкую моторику (песок благодаря своей структуре благотворно воздействует на тактильные ощущения и стимулирует нервные окончания, которые находятся в подушечках пальцев), фантазию, творческие способности, образное мышление и многое другое.

Работа с песком успокаивает (особенно гиперактивных детей) – в нем как будто содержится живительная солнечная энергия, которая подзаряжает дошкольника позитивными эмоциями и музыкальными, в том числе.

Песочница и «песочная терапия для детей» не только развивает творческий потенциал ребёнка, активизирует пространственное воображение, образно-логическое мышление, тренирует мелкую моторику рук, как в процессе игры на музыкальном инструменте,

но ненавязчиво настраивает детей на постижение моральных истин добра и зла, строит гармоничный образ мира в процессе слушания музыкальных произведений, тем самым помогает исподволь развивать музыкальную культуру дошкольников [3, с.4].

Используя волшебные свойства песка, когда оживают сказки, дошкольник становится сам непосредственным участником и режиссером собственного творения, а затем видит результат собственного творчества под воздействием «песочного» подхода, ведь именно так он действует на дошкольников.

Музыкальное сопровождение и цветовые эффекты при проведении занятий по песочной терапии для детей, являются сильнейшим стимулом для развития эмоционального мира дошкольника. Кроме того, в сочетании с пальчиковой гимнастикой, драматизацией и мимическими этюдами музыкальное занятие позволяет гармонизировать эмоциональное состояние ребенка.

Игры с песком в дошкольных учреждениях разнообразны, это:

- обучающие игры обеспечивают процесс обучения чтению, письму, счету, грамоте;
- познавательные игры дают возможность детям узнать о многообразии окружающего мира, в том числе, мира музыки;
- проективные игры развивают его творчество и фантазию на музыкальных занятиях [3, С.4-7 ].

Должны соблюдаться следующие условия работы с дошкольниками:

- специальная подготовка музыкального руководителя, его творческий подход к проведению музыкальных занятий;
- у детей не должно быть аллергии на пыль от сухого песка, кожных заболеваний и порезов на руках;
- до занятия и после занятия моются руки.
- перед занятием в «песочнице» желательно провести пальчиковые игры-разминки.
- песок не должен высыпаться из песочницы;
- нельзя брать песок в рот и кидаться песком [3, С.4-7 ].

Набор игрового оборудования помимо самой песочницы составляют:

- миниатюрные игрушки (высотой 5–10 см), изображающие людей разного пола и возраста; различных животных и растения; транспорт, игрушки из «киндерсюрпризов»; различные здания и постройки;
- подручный материал: камни, семена, веточки, перья, палочки, пуговицы, одноразовые соломки для коктейля;
- плоскостные ламинированные картинки и т. д.;
- влажные салфетки [3, С.4-7 ].

Заключение. Мы, работая с дошкольниками убедились, что игра с песком – одна из форм естественной художественно-музыкальной деятельности дошкольников. Это то, что ему интересно, то, чем ребёнок любит заниматься, то, чего не боится. Поэтому использование «песочного» подхода в процессе музыкальных занятий в дошкольных учреждениях становится целесообразным. Как показала практика применения рассматриваемого нами подхода, преимуществами его использования являются:

- усиление желания дошкольников узнавать новое, экспериментировать и работать самостоятельно;
- в работе с песком хорошо развиваются тактильная чувствительность и усиливается восприимчивость к музыке;
- в играх с песком интенсивно развиваются все музыкально-познавательные функции: восприятие, внимание, мышление и память, а также пальчиковая моторика;
- совершенствуется музыкально--игровая деятельность, что в дальнейшем способствует развитию сюжетно-ролевой игры и коммуникативных навыков ребенка на музыкальных занятиях;
- песок является прекрасным средством психопрофилактики, когда у дошкольника появляется возможность «заземлять» отрицательную энергию, стабилизировать своё эмоциональное состояние.

Работа с песком на музыкальных занятиях - это не только интересно и увлекательно, но и полезно. Работая с таким материалом, дошкольник оздоравливается, активно развиваясь в музыкальном отношении.

***Использованные источники:***

1. Ветлугина Н.А. Музыкальное воспитание в детском саду. – М.: Просвещение, 1981. – 240 с.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Национальное образование. 2016. –368 с.
3. Грабенко Т.М. «Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. –СПб .: «Речь», 2007. – 340 с.
4. Т. Д. Зинкевич-Евстигнеева, Т. М. Грабенко. Игры в сказкотерапии. — СПб.: «Речь», 2006. – 208 с.
5. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. –М.: Наука,1961. – 312 с.
6. Юнг К.Г. Неизвестный Юнг. – Киев.: Колос.2010. – 188 с.
7. https://edu.mcfr.kz/article/522-pesochnaya-terapiya
8. https://nsportal.ru/detskiy-sad/muzykalno-ritmicheskoe-zanyatie/2014/01/27/detskoe-muzykalnoe-tvorchestvo

***Жауарова А.***
*выпускница ОП бакалавриата, «Музыкальное образование» КазНУИ (г.Астана), магистрантка 1 курса,*
*научный руководитель: PhD, к.п.н., академик МАНПО, профессор*
***Г.А.Хусаинова***

# ФАКУЛЬТЕТ ӨМІРІ











РУХАНИ




DIPLOMA